

**Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік
университеті**

**Тақырыбы: ЛОР АҒЗАЛАРДЫҢ
ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТОПОГРАФИЯСЫНЫҢ
ЖАСҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.**

Қабылдаған: Таиров Р. А.
Орындаған: Сейіткәрім .Х.Қ .
Тобы: ЖМ-016

Түркістан 2013

Жоспар:

- I Кіріспе.
- Лор ағзалардың анатомиялық құрылымы және топографиялық ерекшеліктері.
- II Негізгі бөлім.
- 1. Лор ағзаларында жас ерекшеліктеріне байланысты жиі кездесетін аурулар.
- 2. Лор ағзаларында жиі кездесетін жарақаттар.
- Лор ағзаларының ауруларын диагностикалау және емдеу.
- III Қорытынды.
- IV Пайдаланылған әдебиеттер

- Оториноларингология – клиникалық пән ретінде құлақтың патологиясы мен морфофизиологиялық ерекшеліктерін, жоғарғы тыныс алу жолдарының және солармен аралас аймақтарды зерттейді. ЛОР ағзаларының басты ерекшеліктерінің бірі олардың бас пен мойында орталық орналасуы. Олар бас-сүйек ойықтары, көз ұясы, тіс-жақ аппаратымен, омыртқа жотасымен және кеуде аралық ағзалармен, магистральді қан тамырлармен, негізгі нерв бағанымен және өрімдерімен тығыз байланысты. Патологиялық процестер осы аймақтың кез-келген сегментінде дамиды жалпы механизмге ие болады және бір-бірінің ағымын асқындырады. Жиі бірдей клиникалық симптомдарымен өтеді. Стоматолог-дәрігер тіс және ауыз қуысы ауруламен шұғылданып ауыз қуысындағы клиникалық көріністерін, диагностика принциптерін және ЛОР ағзаларының ішінде дифференциальді диагностиканы және аурудың келесі ем тактикасын жақсы білу керек.



Құлақ және жастық ерекшелігі


- есту мүшесі - [құлақ](#). Құлақ 3 бөлімнен тұрады: сыртқы, ортаңғы. және ішкі құлақ.
- Сыртқы. құлаққа [құлақ қалқаны](#), мен [сыртқы дыбыс жолы](#) жатады. Құлақ қалқаны ауадағы дыбыс тербелістерін құлақтың ішіне бағыттайды. Сыртқы дыбыс жолдарының ішкі шеті жұқа, тығыз, керілген дабыл жарғағымен бітеді. Сыртқы дыбыс жолдары арқылы дыбыс толқындары дабыл жарғағына, содан соң ортаңғы құлаққа өтеді. Дабыл жарғағы сыртқы құлақты ортаңғы құлақтан бөліп тұрады.
- Ортаңғы. құлақ дабыл жарғағынан кейін басталады, ол самай сүйегінің ішінде орналасқан. Ортаңғы [құлақтың](#) ішінде [ауа](#) болады. Ортаңғы құлақ қуысы есту түтігі арқылы [жұтқыншақпен](#) жалғасады. Адам [есінегенде](#), [жұтынғанда](#) есту түтігінің өзегі жұтқыншаққа ашылады, жай уақытта жабық болады. Ортаңғы құлақтың қуысында бірімен-бірі буын арқылы байланысқан 3 [дыбыс](#) сүйекшелері (балғашық, төс, үзеңгі) орналасқан. Үшеуін қосқандағы салмағы шамамен 0,05 г. Сүйекшелердің сырты сілемейлі қабықшамен қапталған. Балғашық, төс, үзеңгі деген атаулар пішіндері осы заттарға ұқсайтындықтан қойылған. Балғашық сүйегінің жіңішке шеті дабыл жарғағымен бітісіп кеткен. Жуандау шеті буын арқылы төс сүйекшесімен, ол үзеңгі сүйекшесімен қозғалмалы байланысады. Бұл сүйекшелер ортаңғы [құлақтың](#) қуысы арқылы дыбыс толқынын өткізеді. [Дабыл жарғағының](#) тербелісі алдымен осы үш сүйекке, содан соң ішкі құлаққа беріледі. Ортаңғы құлақ қуысындағы қысым атмосфера қысымымен бірдей. [Қысым](#) кенеттен төмендеп немесе жоғарылап кетсе, құлақ бітеліп уақытша естімей қалады (әсіресе бұл ұшқанда байқалады). Мұндай жағдайда жиі-жиі жұтыну керек. Адам жұтынғанда ортаңғы құлақ қуысындағы қысым атмосферадағы ауа қысымымен теңеседі.

Уши - орган слуха

Ухо - это орган слуха и равновесия. С помощью ушей мы можем слышать музыку, речь, шум.



- Ішкі құлақтағы қуыстар мен иірім өзекшелерден тұратын күрделі жүйені шытырман (лабиринт) деп атайды. Мұндағы шытырманның сыртқысы - сүйекті, ал ішкісі - жарғақты шытырман деп аталады. Шытырмандар - есту мен тепе-теңдік мүшелері. Сүйекті шытырманның ішінде жарғақты шытырман орналасады. Жарғақты шытырманның қабырғалары жалпақ эпителиймен қапталған жұқа дәнекер тақташадан (пластинка) түзілген. Жарғақты шытырманның ішінде лимфа сұйықтығы болады. Оралма тәрізді ширатылған ұлудене - есту мүшесі. Бұл ұлудененің қуысы сұйықтыққа толы болады. Ұлуденедегі сезімтал жасушалар дыбыс толқынын қабылдап, қозуды есту жүйкесіне өткізеді. Қозу есту жүйкесі арқылы ми қыртысының самай бөлігіндегі есту орталығына жеткізіліп, талданып жинақталады.



- Жаңа туған сәбидің сыртқы құлақ түтігі тар, оның терісінде түктер көп болады. 1 жасқа дейін құлақ түтігі өсіп, ұзарып, кеңейеді. Дабыл жарғағы жаңа туған нәрестеде ересек адамға қарағанда анағұрлым көлбеу орналасқан (ересек кісінде 45 градус, балада 15 градус). Жарғақтың екі жағындағы эпидермисі қалың болғандықтан қозғалысы нашар. Сәбидің ортаңғы құлағы сұйыққа толы болады да, біртіндеп барып ауаға толады. 1 жастағы балада Евстахи түтігі қысқа, кең, түзу болады. Ішкі құлақ 1 жылдың ішінде ересек адамның құлағы мен теңеседі.




Рис. 1. Наружный слуховой проход. Инеродные тела могут застрять в области костно-хрящевое соединение (перфорация)

- 2-3 жаста сыртқы құлақ түтігі сәл иіледі де, 4-6 жаста ересек адамның түтігіндей болады. Дабыл жарғағы 2-3 жаста-ақ ересек адамның жарғағына жақындайды, бірақ орналасуы 30-35 градус болып, тек 4-6 жаста 45 градусқа теңеледі. Ортаңғы құлақтың көлемі 2-3 жаста ересек адамның құлағынан кішірек келеді. Ол 4-6 жаста ересек кісінің ортаңғы құлағының көлеміне жетеді. Евстахи түтігі 2-3 жаста ұзарып 6 жастан асқанда ғана ересек адамдай болады. Ішкі құлақ 2-3 жастың арасында-ақ ересек адамның құлағы мен теңеседі.




Құлақ аурулары

- Құлақтың қабынуы қатты және созылмалы ауру түрінде болады. Құлақ аурулары (отит) ортаңғы және сыртқы деп аталады. Мұның ең жиі кездесетіні — ортаңғысы, ол: ортаңғы құлақ қуысы, дабыл жарғағы, одан шығатын есту түтігі, евстахий түтігі. Ортаңғы отит жедел ортаңғы отит және созылмалы отит деп екіге бөлінеді. Ортаңғы жедел отит ірінді және катарльді болады. Бұл аурумен көбіне 5-12 жас аралығындағы балалар ауырады. Баланың құлағының ортаңғы тұсының анатомиялық құрылымының өзгешелігінен есту түтігі өте кең әрі қысқа болады да бала ойнап отырып құлағына бірдеме тығып алатыны немесе суық тиіп жиі ауыратыны сондықтан. Құлақта болатын құлық (ушные серы) құлақты түрлі шаң-тозаң, микробтардан қорғайды. Сондықтан құлақты тазалаймын деп жиі шұқи беруге болмайды. Басына мақта оралған таяқша құлақ қалқанын тазалауға арналған, бірақ оны көбірек ішке енгізіп жіберсеңіз құлықты ары қарай итеріп жіберуі мүмкін. Іште құлық көп жиналып қалса да есту қабілеті төмендейді. Мұндай кезде есту арнасын тазалауға арналған арнайы тамшыларды пайдаланған абзал. Кейде мұрын мен тамақ жолдары ауырса да евстахий түтігі қабынуы мүмкін. Себебі екеуінің тоғысатын арнасы бір.


Middle ear space
filled with cholesteatoma,
middle ear bones eroded

Retracted and perforated

Eustachian tube
Blocked by
inflammatory
tissue



Normal middle ear



Ear drum

Ossicles

Eustachian tube


Otitis media



Infected fluid
in middle ear


Мұрын құрылысы

- **Мұрын (nasus) және мұрын қуысы** – тыныс жолдарының басталар бөлігі. Сүйекті негізін бассүйектің бет бөлімінің сүйектері құрайды: жоғарғы жақ, тұмсық, торлы, таңдай және мұрын сүйектері. Мұрын сыртынан терімен қапталған. Кейбір жануарларда мұрын тесіктері айналасындағы түксіз және тұрақты суланып тұратын пигменттелген аймағын мұрын **қаңсары** дейді. Оның қабырғасында үздіксіз сірлі сұйық бөліп тұратын сір бездері болғандықтан, қаңсардың сыртқы беті әр уақытта дымқылданып тұрады. Оның айналасындағы теріде жекеленген сезімтал түктер байқалады.
- Мұрын қуысы ішкі бетінің тек алдыңғы жағы ғана тері тектес кілегейлі қабықпен қапталған. Бұл аймақты мұрын кіреберісі деп атайды. Бұл жердің кілегейлі қабығы көпқабатты жалпақ эпителиймен астарланған, ал өзіндік мұрын қуысының кілегейлі қабығы бірқабатты көпқатарлы кірпікшелі эпителиймен астарланған. Мұрын қуысының артқы жоғарғы жағындағы иіс сезімі мүшесі орналасқан кілегейлі қабық аймағы ұяшық тәрізді әр түрлі пішінді қатпарлар түзеді.
- Әрбір мұрын қуысында ауа жүретін төрт мұрын жолы болады: дорсальды, ортаңғы, вентральды, жалпы. Олар мұрын қуысының бүйір қабырғасындағы дорсальды және вентральды мұрын кеуілжірлерінің қатысуымен бөлінеді.



- Мұрын кіреберісі мен өзіндік мұрын қуысы шекарасындағы қатпарда **мұрын-көзжасы тесігі** көрінеді. Бұл тесікке мұрын қуысын көзжасы қапшығымен байланыстыратын мұрын-көзжасы өзегі ашылады.
- Көзжасы мен мұрын қуысы кілегейлі қабындындағы бездер бөлінділері ауаны дымқылдандырып тұрады. Сонымен қатар, кілегейлі қабық астында көптеген қан тамырларынан түзілген веналық өрім болады. Ол ауаның жылынуын қамтамасыз етеді. Вентральды мұрын жолының алдыңғы жағындағы күректіс өзегі арқылы мұрын қуысы ауыз қуысымен қатысады. Бұл өзекке жануарларда иіс сезімі қызметін атқаратын мұрын-соқалық мүше өзегі ашылады.

- **Ринит**, мұрын бітелу — мұрын қуысының шырышты қабатының қабынуы. Ауруды мұрын қуысына түскен микробтар мен вирустар тудырады. Қоздырғыштардың дамуына организмнің мұздауы, ауаның құрамында шаң-тозаң мен зиянды газдар мөлшерінің артуы, гүл тозаңдары (қ. Поллиноз) әсер етеді. Көп жағдайда Ринит жұқпалы аурулардың (тумау, дифтерия) әсерінен де болады. Риниттің жедел және созылмалы түрлері бар. Кейде вазомоторлы (вегетативті жүйке жүйесінің қабынуы) және аллерг. (организмнің аса сезімталдығы) түрлері де кездеседі. Аурудың бастапқы кезінде мұрынның шырышты қабаты ісінеді, науқастың тамағы қызарып, құрғайды. Бірнеше күннен кейін мұрыннан сұйық ірің ағады. Бұл кезде дене темп-расы аса көтерілмейді, бірақ ауру адамның басы ауырып, тыныс алуы қиындайды, көздің шырышты қабатының қабынуынан көзден жас ағады. Әсіресе мұрын бітелу нәрестелерде қиын өтеді, себебі, олардың мұрын қуысы тар болады да, мұрын ішіндегі болар-болмас ісіну олардың дем алуына, емшек емуіне кедергі жасайды. Кейде қабыну мұрын-жұтқыншақтың шырышты қабатына, есту түтікшесіне, көмейге, кеңірдекке, тіпті өкпеге де таралуы мүмкін. Ауруды дер кезінде емдемесе, асқынып, созылмалы түріне ауысады.





Воспаленная
слизистая
оболочка
носа

Белая стрелка
показывает
куда стекает
отделяемое из носа
(наружу и в глотку)


© ADAM, Inc.



Көмей топірағиясы, құрылысы

- Көмекей (көмей) - мойынның алдыңғы жағында орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше. Оның ішкі бетін сілемейлі қабықша астарлап жатады. Қабырғасы 3 сыңар, 3 жұп шеміршектерден түзілген. Ірі шеміршектеріне: төменгі бөлігіндегі сақина тәрізді, алдыңғы жағы мен бүйіріндегі қалқанша тәрізді, үстіңгі жағындағы көмекей қақпақшасы жатады. Көмекейдің артқы жағында 3 жұп майда шеміршектер болады. Шеміршектер бірімен-бірі жартылай қозғалмалы байланысқан. Шеміршектерге бұлшықеттер бекінеді. Шеміршектердің арасында 2 дыбыс сіңірлері болады, олар да шеміршекке бекінеді. Дыбыс сіңірлері біріне-бірі қатарлас жатқан иілгіш, серпінді талшықтардан түзілген. Дыбыс сіңірлерінің арасындағы кеңістікті *дыбыс саңылауы* дейді.



- Адам дем шығарғанда дыбыс саңылауы тарылып, дыбыс шығады. Дыбыстың шығуы адам сөйлегенде ауа ағынының дыбыс сіңірлерін тербетуіне байланысты. Дыбыс сіңірлері неғұрлым ұзын болса, оның тербелісінен жуан дыбыс шығады. Ер адамдардың көмекейі үлкен, дыбыс сіңірлері ұзын, дауыстары жуан. Мойынның алдыңғы жағындағы ең ірі қалқанша шеміршектің үлкен үшкір түйіні *жұтқыншақ шодыры (бидайық)* деп аталады. Ол жұтынғанда, сөйлегенде жоғары, төмен қозғалады. Сонымен көмекей дыбыс шығару мүшесінің де қызметін атқарады. «Көмекейі бүлкілдеген әнші екен», «күміс көмей» деген ұғымдар соны білдіреді. Ер адамда көмекейінің орташа ұзындығы 44 мм. Әйелдердің көмекейі кішілеу, дыбыс сіңірлері қысқа болғандықтан, дауысы жіңішке болады, оның орташа ұзындығы 36 мм. Ауыз қуысында дыбыс шығаруға тіл, ерін, жақсүйектер қатысады






Кеңірдек, құрылысы, аурулары

- **Кеңірдек** - көмекейдің жалғасы, іші қуыс түтік пішінді шеміршекті мүше. Ол өңештің алдыңғы жағында орналасады, ұзындығы шамамен 9-12 см, диаметрі 15-18 мм. Кеңірдектің алдыңғы қабырғасы бірімен-бірі сіңірлер арқылы өзара байланысқан жартылай шеміршекті сақиналардан тұрады. Жартылай сақиналы шеміршектер кеңірдек қабырғасының қабысып қалмай, ауаның еркін өтуін қамтамасыз етеді. Кеңірдектің өңешпен жанасқан артқы жағы жұмсақ, тығыз талшықты дәнекер ұлпасынан түзілген. Кеңірдектің бұл жағы өңештен тамақ өтуіне ешбір кедергі жасамайды.

Anatomy of the Thyroid and Parathyroid Glands




Thyroid gland (front view)



Thyroid gland (back view)




© 2010 by Elsevier, Philadelphia, PA, with permission from Pearson Education, Inc.



Жұтқыншақ топографиясы, қызметі

Жұтқыншақ (pharynx) – бір жағынан мұрын мен ауыз қуысы, екінші жағынан өңеш пен көмейдің арасындағы байланыстырушы мүше. Адамда Жұтқыншақ ас қорыту және тыныс алу процесіне қатысады. Жұту кезінде ас жентегі ауыз қуысынан аңқа арқылы Жұтқыншаққа, одан өңешке өтеді. Ал ауа мұрын немесе ауыз қуыстарынан Жұтқыншаққа, одан көмейге кетеді. Адамда Жұтқыншақ омыртқа бағанасының мойындық бөлігінің алдында – бассүйектің астыңғы жағынан, 6 – 7 мойын омыртқалары аралығында орналасып, одан төмен өңешке жалғасады. Оның ұзындығы 12 – 14 сантиметр, ені 5 сантиметрдей. Қабырғасы шырышты, ал шырыш асты негізгі, бұлшықетті, дәнекер тінді қабықтардан түзілген. Жұтқыншақтың мұрындық, ауыздық және көмейлік бөліктері болады. Жұту кезінде Жұтқыншақтың мұрындық бөлігі жұмсақ таңдай арқылы ауыздық бөліктен бөлінеді, көмей қақпашығы көмейді жабады да, ас жентегі мұрын мен көмейге өтпей өңешке бағытталады. Ас ішкен уақытта, асты жұтпай тұрып, не шайыр шайнау кезінде қатты сөйлеу (күлу, тағы да басқа) өте қауіпті, себебі, ауа ағынымен бірге ас жентектері көмейге өтіп кетіп, оны бітеп қалуы ықтимал. Бұл жағдай адам өліміне әкеліп соқтыруы да мүмкін. Жұтқыншақтың жоғарғы күмбезінің және артқы қабырғаларының шекарасында Жұтқыншақ бадамшасы (аденоид – балаларда жақсы дамыған) орналасқан. **Жұтқыншақ** – ұзындығы 11-13 см бұлшық етті мүше: онда ас қорыту және тыныс алу жолдары қиылысады. Жұтқыншақтың төменгі жағы тарылып өңешке өтеді.



- **Фарингит** (грек. pharynx — жұтқыншақ) — жұтқыншақтың кілегей қабығының қабынуы. Фарингит жедел респираторлы аурулардың, тұмаудың, т.б. жұқпалы аурулардың әсерінен болады. Кейде жұтқыншаққа әр түрлі факторлардың әсер етуінен де (мысалы, ауыз арқылы суық ауамен демалғанда немесе қатты суықта сөйлескенде, сондай-ақ өте ыстық не өте суық тағам жегенде) дамиды. Фарингиттің екі түрі бар. Жедел Фарингит көбінесе жұқпалы болады. Бұл кезде жұтқыншақтың кілегей қабығы қызарып ісінеді. Науқас адамның тамағы құрғап, жыбырлаған сияқты, бір нәрсе кілегей қабыққа жабысып тұрғандай сезінеді. Дене температурасы қалыпты болады. Егер Фарингиттің жедел түрін дәл уақытында емдемесе, ол созылмалы түріне ауысады. Бұл кезде жұтқыншаққа өте көп мөлшерде қақырық жиналады, соның салдарынан ауру адам үнемі жөтеліп, қақырық тастайды, әсіресе бұл таңертеңгілік мезгілде байқалады. Кейде көп жөтелгеннен науқастың жүрегі айнып, құсуы да мүмкін. Фарингиттің созылмалы түрінің дамуына созылмалы тұмау, тонзиллит, мұрын қуысының іріңді қабынуы, тіс кариесі, организмде зат алмасу процесінің бұзылуы, жүрек, бауыр және бүйрек аурулары себеп болады.



1



2



3



4



5



6

Фарингит



здоровое горло



фарингит

Қолданылған Әдебиеттер:

- Оториноларингология. Астана 2009. Р.Қ. Төлебаев, Э.К. Исмагулова.
- Google.ru
- Пальчун В.Т., А.И. Крюков А.И. Оториноларингология. – М., Медицина, 2002.
- Шеврыгин Б.В., Керчев Б.И. Болезни уха, горла и носа: учебник. – М., ГЭОТАР- Медиа, 2002.